

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерінің тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 24 қарашада № 14455 болып тіркелді

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерінің тізбесі бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 30 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13442 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 24 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Мемлекеттік қызмет департаменті заңмен белгіленген т ә р т і п т е :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде р е с м и ж а р и я л а у ғ а ж і б е р у д і ;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығының» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының мемлекеттік қызмет мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері және  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы**

**іс-қимыл агенттігінің Төрағасы К. Қожамжаров**

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері және  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігінің  
2016 жылғы 21 қазандағы № 16  
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігі мен оның аумақтық органдары  
жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және  
жеткілікті мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерінің тізбесі**

№ п/п	Жеке тұлғалардың дербес деректерінің атауы
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (болған жағдайда)
4	Туу туралы маліметтер : туған жері күні ;
5	Ұлты
6	Жынысы
7	Отбасылық жағдайы
8	Азаматтығы туралы маліметтер
9	Білімі
10	Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы
11	Мамандығы бойынша біліктілігі
12	«Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтағаны туралы малімет

13	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын аяқтағаны туралы мәлімет
14	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда)
15	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)
16	Портреттік бейнесі (фотосуреті)
17	Қолы
18	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы; құжаттың нөмірі; құжатты берген күні; құжаттың берген қолданылу мерзімі; құжатты берген орган
19	Шет тілдерін білуі
20	Дипломатиялық дәрежесі (болған жағдайда)
21	Б а й л а н ы с деректер: тұрған мекен жайы және тұру мекен жайы бойынша тіркелуі; б а й л а н ы с телефондар; электрондық пошта
22	Әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені
23	Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары
24	Арнайы тексеру нәтижелері
25	Мемлекеттік қызметшінің ант берген күні
26	Соттылықтың болуы (немесе болмауы)
27	Тәртіптік және әкімшілік жазалар туралы мәліметтер
28	Өрекет қабілеттік туралы мәліметтер
29	Мемлекеттік лауазымдар атқаруға тыйым салу туралы мәліметтер
30	Мемлекеттік қызметшілердің жұмысын бағалау нәтижелері туралы мәліметтер
31	Аттестациядан өткен күні және нәтижелері
32	Қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні
33	Атқарып отырған лауазымы, санаты туралы мәліметтер
34	Еңбек жолы туралы мәліметтер: қ а б ы л д а н ғ а н , б о с а т ы л ғ а н күні; лауазымы, жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері
35	Жұмыс орнындағы мінездеме
36	Ұсынымхаттар
37	Денсаулығы туралы мәліметтер (біліктілік талаптарында тиісті мемлекеттік лауазымдарға орналасу үшін денсаулық жағдайына арнайы талаптар белгіленген жағдайларда)
38	Т е с т і л е у д ің нәтижелері: з а ң н а м а н ы с о ң ғ ы б і л у т у р а л ы ; м е м л е к е т т і к т і л д і б і л у т у р а л ы ; л о г и к а л ы қ т е с т ; қ ұ з ы р е т т і л і к д е ң г е й і н а ы қ т а у т у р а л ы ; жеке қасиеттерді бағалау туралы
39	«А» корпусының кадр резервіне алынғаны туралы мәліметтер
40	Ротация туралы мәлімет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК